1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасы ақпараттық-коммуникациялық дайындау бағыты шеңберінде компьютерлік ғылымдар мен IT-технологиялар саласында кадрлар дайындау үшін әзірленген.

Білім беру бағдарламасының **миссиясы** Болондық үрдістің қағидаларын, көп тілділік қағидаларын, оқытудың инновациялық технологияларын қолдануды іске асыра отырып, жоғары білім беру саласында жоғары сапалы білім беру қызметтерін қамтамасыз етуден тұрады.

Университеттің стратегиялық тапсырмаларын шешу арқылы білім беру бағдарламасы «Сапалы өмір үшін қолжетімді білім» - университет миссиясын іске асырады:

- экономиканың дамушы салаларының кадрлық негізін қалыптастырушы, тәжірибелік дағдылар мен кәсіпшілік қасиеттерге ие, жоғары білікті кадрларды дайындау;
- білім беру қолжетімділігін арттыруға бағытталған қаржы саясатын қалыптастыру;
- білім беру жүйесіне халықаралық тәжірибені интеграциялау мақсатында халықаралық байланысты дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру, әлеуетті дамыту және ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруға ынталандыру, ғылыми қызметті іске асыру арқылы білім алушылар мен ПОҚ-ң біліктілігін арттыру;
- патриоттылық, толеранттылық, өзара сыйластық қағидаларын ұстанатын, белсенді азаматтық көзқарасы бар, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік қызметті қалыптастыру.

Экономиканың барлық салаларының дамуы барлық кезеңде кез-келген сала кәсіпорындарының білікті қызметкерлерінің қатысуын талап етеді. Ақпараттың көлемі мен сапасының жылдам өсуі, оны сапалы өңдеу мен жүйелендіру қажеттілігі экономика саласында қабылданатын шешімдердің сапасына жоғары талап қояды, ол өз кезегінде сапалы бағдарламалық қамтаманы құрастыруға деген талаптарда көрініс табады.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасының **өзектілігі** қазіргі таңда барынша сұранысқа ие, бағдарламалау орталарында жұмыс істеу дағдыларын меңгерген, есептеу техникасы мен бағдарламалау аясында мамандарды даярлау болып табылады.

Осыған орай, берілген мамандықтың артықшылығына жұмысқа орналасу орындарының кең таңдауы, жоғары төленетін, қалыпты жұмыс, карьералық өсуге арналған жақсы мүмкіндіктер жатады.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығындағы әлеуметтік сұраныстарды ескере отырып әзірленді; түрлі техникалық салалардағы құзыреттілікке және компьютерлік технологиялар саласындағы тәжірибеге негізделген.

Берілген білім беру бағдарламасының артықшылығы жұмысқа орналасу орындарының кең таңдауы, жоғары төленетін, қалыпты жұмыс, карьералық өсуге арналған жақсы мүмкіндіктер, сондай-ақ компьютерлік қызметтер мен IT саласында жеке кәсіпкерлік қызметті іске асыру мүмкіндіктері жатады.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасының **мақсаты** ел экономикасын кәсіби саланың қарқынды жаңартуларына жылдам бейімделуге қабілетті, ғылымның, білімнің, техниканың, экономиканың, басқарудың және де бағдарламалау әдістерін меңгерген экономиканың басқа да салаларының тапсырмаларын шешу үшін қолданбалы математика мен информатиканың әдістерін, заманауи математикалық әдістердің негіздерін білетін, жоғары білімді мамандардың сапасына қойылатын заманауи талаптарға жауап беретін, тәжірибелік,

коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттерге ие, IT-технологиялар саласында білікті кәсіби мамандармен қамтамасыз ету.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалаврларын дайындаудың білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- оқу үрдісін ғылымның дамуымен байланыстыруды қамтамасыз ету; тәжірибелік-бағытталған оқытуды ұйымдастыру;
- әсіби салада болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру;
- кәсіптік қызметтің объектілерінің жекелеген құрамдас бөліктері үшін пайдаланушы сұраныстарын талдау, домендік үлгілер мен техникалық құралдардың мүмкіндіктері, кәсіби қызметтің объектілерін аттестациялау негізінде талаптарды және спецификацияларды әзірлеу;
- аппараттық-бағдарламалық кешеннің адам-машина интерфейсін, аппараттық-бағдарламалық кешеннің құраушыларының архитектурасын жобалау;
- компьютерлік ақпаратты өңдеу жүйелерінің компоненттерін құру және басқару, осы сападағы бағдарламалар мен бағдарламалық қамтамасыз ету жүйелерін жасау, аппараттық-бағдарламалық жүйелерді тестілеу және түзету, кәсіби қызмет объектілерін сертификаттау, кадрларды дайындау;
- есептеуіш жүйелер мен желілердің жүйелік, инструменталды және қолданбалы бағдарламалық қамтамасын жөндеу, қызмет көрсету және орнату; әртүрлі жүйелердің бағдарламалық өнімдерін сүйемелдеу;
- аппараттық-бағдарламалық кешендер мен жүйелерді, бағдарламаларды, алгоритмдерді, теориялық және тәжірибелік әдістерді зерттеу, талдау;
- білім алушылардың өзіндік зерттеу және аналитикалық қызметі үшін алғышарттарды құру;
- әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын үйрету, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелендіру;
- әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру және дамыту: мақсаттылық, еңбек сүйгіш, жауапкершілік, азаматтылық, толеранттылық, этикалық нормаларды ұстану, топта жұмыс істеу қабілеті;
- бітірушілерге кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру арқылы еңбекпен қамтамасыз етуде білім беру бағдарламасының көмек беруі.

2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері

Дублиндік дискрепторлар есебіне сәйкес 6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалаврлары келесідей оқу нәтижелерін иемденуі тиіс:

Білу және түсіну (Дескриптор А):

- ой өрісі кең және ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізуші, жаратылыстану ғылымдар пәндерінің саласындағы негіздері;
- моделдеу әдісі мен моделдердің негізгі классын, үрдістер моделдерін құру қағидаларын, ЭЕМде жүйелер моделін формалдау, алгоритмдеу және іске келтіру;
- ЭЕМ әртүрлі архитектурасы мен есептеуіш жүйелерді, сонымен қатар микропроцессорлық құрылғылар мен микропроцессорлық жүйелердің архитектурасын, есептеуіш техника құрылғыларының заманауи аналогтық және сандық элементтік негізін, ақпаратты өңдеудің электрондық құрылғыларының түйіндерін және элементтерін есептеу мен жобалау әдістерін;
- бағдарламалық өнімнің технологиясының, әдістерінің және өндіріс құралдарының базалық негіздерін;

- заманауи операциялық жүйені және жүйелік бағдарламалық қамтаманы құру қағидаларын;
- зияткерлік тапсырмаларды шешуді автоматтандыру үшін компьютерлік жүйелерде қолданылатын негізгі құрал-жабдықтарды, моделдері мен әдістерін, сараптамалық жүйелерді құру әдісі мен құру қағидаларын;
- болашақ кәсіби қызметі үшін оқу, тілдік, өндірістік және дипломалды тәжірибелердің мақсаттарын, міндеттері мен мағынасын түсіну;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтің негіздерін;
- бағдарламалау тілдерін (C++, C#, Java, PHP, JavaScript, Python) білу.

Алынған білімді түсіну және пайдалану (Дескриптор В):

- аппараттық-бағдарламалық кешендерді құру барысында микропроцессорлық құралдарды, электрондық сұлбаларды синтезі мен талдау әдістерін;
- басқару мен ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелерінің математикалық, лингвистикалық, ақпараттық және бағдарламалық қамтамасын құру және талдау құралдарын, әдістері мен моделдерін пайдалану;
- әртүрлі пәндік аймақта әртүрлі аппараттық платформаларда заманауи ДҚБЖ пайдалана отырып, ақпараттық қосымшаларды жобалай білу;
- кәсіби қызметтің объектілерін жобалауды және құруды анықтайтын нормативтік материалдар мен стандарттарды қолдану қабілеті;
- ақпаратты өңдеудің кең мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қолданбалы бағдарламалардың заманауи пакеттерімен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру, тапсырмаларды оңтайландыру әдістері мен операцияларды зерттеумен шешу;
- Windows, Android секілді заманауи операциялық жүйелердің функционалдық мүмкіндіктерінің көмегімен қызметті ұйымдастыру, осы операциялық жүйелерде 1С, Java, C, Python, JavaScript, PHP бағдарламалау тілдерінде бағдарламалауды іске асыра білу;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи құралдарының негізінде ақпаратты қорғаудың типтік сұлбасын құру және құрастыру;
- аппараттық-бағдарламалық кешендердің құраушыларының архитектурасын және сәйкесінше адам-машина интерфейстерін жобалау;
- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеудің бағдарламалық және техникалық құжаттамасын құру үшін технологияны пайдалану.

Шкір қалыптастыру (Дескриптор С):

- тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін бағдарламалаудың заманауи әдістерін талдау және әртүрлі құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін пайдалану, қойылған тапсырманы шешу үшін бағдарламалаудың қолжетімді құрал-жабдығынан барынша тиімдісін және сенімдісін таңдай білу;
- сандық және аналогтық техниканың аясында дамушы схемотехникалық шешімдерді, микроэлектрониканың даму қағидаларын бағалау және ерекшеліу;
- автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді жобалау барысында автоматиканың құрылғыларын пайдалану қағидаларын, автоматика құрылғылары мен элементтерінің жұмыс істеу үрдістерін талдау;
- күрделі кәсіби-бағытталған телекоммуникациялық есептеуіш жүйелерді құру барысында интерфейстік құралдарды таңдауды іске асыра білу;
- ақпараттық технологиялардың негізгі түсініктерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде салыстырмалы талдауын жүргізу.

Қарым-қатынас саласындағы дағдылар (Дескриптор D):

- берілетін ақпараттың мағынасын жоғалтпай тиімді коммуникацияларды құру;
- конструктивтік диалогты жүргізу дағдыларын меңгеру;

- тұлға аралық қарым-қатынас құру;
- әртүрлі деңгейдегі семинарлар, пікір таластар, конференцияларда шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу үшін осы тілді тасымалдаушылармен еркін түрде қарым-қатынас жасауға шетел тілінде диалог ұйымдастыру;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде сөйлеу мәдениетінің ережелерін ұстану;
- жоғары деңгейлі мәдениетке ие болу;
- IT-технология саласындағы және басқа да қатарлас пәндік аясындағы сарапшылармен қажетті байланыстарды орнату және қолдау;
- бағдарламалық технологияларды дамытудың мәселелері мен бағыттарын, бағдарламалық қамтаманы автоматтандыру әдістерін және құралдарын есепке ала отырып, бағдарламалық қамтама әзірлеушілерінің топтарында жұмыс ұйымдастыру әдістерін меңгеру;
- икемділік, мобильділік тәсілдерін меңгеру; ымыраға келе білу, өз пікірін ұжымның пікірімен байланыстыру;
- ақпаратты, ойын, мәселелері мен шешімдерін мамандармен қатар маман еместерге айту қабілеті.

Білім беру саласындағы дағдылар (Дескриптор Е):

- әрі қарай өзіндік зерделеуге қажетті материалды өзіндік құрылымдау және жүйелендіру, таба білу және оқып білу;
- ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін өңдеу және бағалау;
- жеке қызметі мен бейімделу нәтижелерін бағалау қабілеттілігі;
- қажетті ақпаратты өзіндік іздеу, талдау және сұрыптау, ұйымдастыру түрлендіру, сақтау және оны жіберу;
- жаңа заманауи алгоритмдік тілдерді өзіндік зерттеу;
- өзіндік білім алу және еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;
- күнделікті кәсіби қызметке және білімін магистратурада жалғастыруға қажетті жаңа білімді игеру дағдыларын меңгеру;
- өзіндік дамуға, өзіндік білім алуға, біліктілігін арттыруға және кәсіби шеберлігін жоғарылатуға ұмтылу.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасын сәтті меңгергеннен соң бітірушілер келесідей оқыту нәтижелерін көрсетуі тиіс:

- ОН1 – Өз көзқарасын түсіндіру, орындалатын міндеттердің жоспарлары мен нәтижелерін талқылау және талдау
- ОН2 – Адамдармен тікелей қарым-қатынаста мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде конструктивтік байланыстар орнату
- ОН3 – Командада жұмыс істей білу және іскерлік қарым-қатынас дағдыларын меңгеру
- ОН4 – Ақпаратты іздеу, өңдеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және оларды үш тілде талдау
- ОН5 – Қойылған міндеттерді шешу, модельдеу және жоспарлау үшін физика-математикалық теориялар мен заңдарды қолдану
- ОН6 – Әртүрлі типтегі деректерді өңдеу және ұсыну үшін арнайы математикалық, графикалық, офистік және мультимедиялық пакеттерді қолдану
- ОН7 – Есептеу жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық құралдарына қойылатын талаптарды қалыптастыру, диагностикалау, монтаждау және олардың жұмысқа қабілеттілігін арттыру
- ОН8 – Бағдарламалық қамтамасыз етудің өмірлік циклін, ақпараттық жүйелер мен деректер қоры жүйелерінің архитектурасын жобалау және құру
- ОН9 – Қойылған техникалық тапсырманы шешу алгоритмін әзірлеу және таңдалған бағдарламалау тілінде бағдарлама жазу

- ОН10 – Бағдарламалық өнімдер мен аппараттық кешендерді тестілеу, құжаттау және пайдалану
- ОН11 – Ақпараттық қауіпсіздік бойынша тәуекел факторларын талдау және ақпараттық жүйелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ақпаратты қорғау әдістерін қолдану
- ОН12 – Робототехника, сараптамалық-интеллектуалды жүйелер және параллельдік есептеулер саласындағы ауқымды жобаларды әзірлеушілер тобын басқару

2.1 Білім беру бағдарламасының Элективті пәндер каталогы

Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Оқытудың қалыптасатын нәтижелері (кодтар)	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беретін пәндер циклі					
Таңдау бойынша компоненттер					
Жетістік философиясы	Өзін-өзі оқыту технологиясы; Оқыту стильдері; Жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау; Ғылыми-зерттеу жұмысының негіздері; Тайм менеджмент технологиясы; Ақпараттық-технологиялық әлемдегі адам; Қызметтік міндеттерді атқару шеңберіндегі компьютерлендіру; Электрондық техника және ақпараттың негізгі түрлерін манипуляциялау және деректерді өңдеу; Табысты коммуникация технологиясы; Конфликтология. Іскерлік хат алмасу. Іскерлік келіссөздер; Кәсіпкерліктің әлеуметтік-мәдени және технологиялық негіздері; Бизнес-жоспарлау.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4	Өзін-өзі танудың мектеп курсы	
Құқық негіздері	Пән мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар жайлы негізгі түсініктерді; Қазақстан Республикасындағы еңбек құқығы мен әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жалпы ережелерін; кәсіби қызметте алынған құқықтық білімін, дағдылары мен біліктіліктерін қолдана білу қабілеттерін қалыптастырады.		ОН1, ОН4	Адам және қоғам мектеп курсы	
Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Адамның тіршілік ету ортасымен қауіпсіз өзара іс-қимылы саласында және қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда келеңсіз факторлардан қорғау негіздерінде; Экологиялық дүниетаным, тіршілік ету қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілер саласында; Қазақстан Республикасында Азаматтық қорғаныстың міндеттері, құрылу және жұмыс істеу принциптері; жеке қорғану құралдары саласында білім мен іскерлікті қалыптастыру.		ОН1, ОН4	Биологияның мектеп курсы	
Базалық пәндер циклі					
Жоғары оқу орнының компоненті					

Математика	Пән жоғары математиканың негізгі ұғымдарын және олардың әртүрлі салалардағы қосымшаларын оқытады, классикалық және қазіргі математиканың іргелі ұғымдарын, заңдары мен теорияларын қалыптастырады, нақты есептерді шешудің әдістері мен тәсілдерін үйретеді; математикалық әдістерді қолдану, ғылыми дүниетаным мен логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5	Алгебраның мектеп курсы	Математикалық логика, Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика
Математикалық логика	Пәннің мақсаты логикалық есептерді шешу тәсілдері туралы алынған білімді жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін математикалық логика туралы тұтас түсінікті қалыптастыру; математикалық логиканың негізгі ұғымдарын, компьютерлерде математикалық есептерді шешу кезінде алгоритмдерді өңдеу, талдау және негіздеу әдістерін оқып үйрену болып табылады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6	Математика	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика
Оңтайландырудың математикалық әдістері	Пән әртүрлі сферадағы конструкциялардың, бұйымдардың және процестердің параметрлік сипаттауының біліктері мен дағдыларын қалыптастырады; ОПР математикалық әдістерін практикалық қолдану, материалдар мен технологияларды тиімді таңдау дағдыларына үйретеді; үйлесімділік теориясының әдістері мен тәсілдері туралы негізгі түсініктерді қалыптастырады.	5	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН9	Математикалық логика, Математика	Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика, Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер, Робототехника және жасанды интеллект

Физика	Классикалық және қазіргі заманғы физика заңдары, теориялары туралы іргелі білімді қалыптастыру, физикалық процестерді экспериментальды зерттеу дағдыларын игеру, эмпирикалық ақпаратты алу және өңдеу әдістерін дамыту; физика құбылыстарын талдаудың теориялық әдістерін, физикада кеңінен қолданылатын есептеу процедуралары мен алгоритмдерін зерттеу	5	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6	Физиканың мектеп курсы	Электроника, Сызбатехника, Дискретті математика
Электроника	Пәнді меңгеру мақсаты жартылай өткізгіш аспаптарда электронды құрылғыларды жасау және қолдану мүмкіндіктерін, жұмыстың физикалық принциптері мен әдістерін, сонымен қатар оларды талдау және жобалаудың математикалық әдістері туралы түсініктерді қалыптастыру; жартылай өткізгіш технологиялардың негізгі кезеңдерін оқу, жартылай өткізгіш аспаптар теориясын меңгеру және оларды электрондық сұлбаларда қолдану болып табылады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7	Физика	Сызбатехника, Дискретті математика
Алгоритмдеу және бағдарламалау	Пәннің мақсаты студенттерді Python, C, Java және т. б. сияқты жоғары деңгейдегі тілді оқыту арқылы программалау есептерін шешу кезінде қазіргі заманғы компьютерлік техниканы тиімді пайдалануға дайындау; студенттерді теориялық білімге үйрету және таңдалған тілде бағдарламалаудың тәжірибелік базалық технологиялық дағдыларын қалыптастыру болып табылады	6	ОН3, ОН4, ОН9	Информатиканың мектеп курсы	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері
Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы	Пән әртүрлі мақсаттағы есептеуіш жүйелер мен желілерді құру, ұйымдастыру және зерттеу әдістері саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастырады және бекітеді, әртүрлі мақсаттағы компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелердің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің базалық принциптерін оқытады, компьютерлік жүйелер мен желілерді құру, баптау және әкімшілендіру үшін практикалық білім береді.	5	ОН1, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8	Операциялық жүйелер	Ақпараттық жүйелердің әкімшілігі, Есептеуіш жүйелердің диагностикасы және сервистік қызмет көрсету, Компьютерлік желілер

Микропроцессорлық техника	Пәнді оқытудың мақсаты микропроцессорлық негізде құрылған ақпаратты өңдеудің, басқарудың және бақылаудың электрондық құралдарын құру және жұмыс істеу принциптерін меңгеру; микропроцессорлық кешендер негізінде құрылған қазіргі микропроцессорлар мен микроЭЕМ, сонымен қатар құрылғылар мен жүйелерді қолдану және пайдалану тәсілдерін меңгеру болып табылады.	5	ОН4, ОН7, ОН8, ОН12	Схемотехника, Дискретті математика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Операциялық жүйелер	Пән компьютерлердің, жүйелер мен желілердің жүйелік бағдарламалық қамтамасыздандыру құралдарын құру және жұмыс істеу принциптерін, ОЖ мақсаты мен функциялары және олардың жұмыс істеу тұжырымдамасы туралы білімді; әртүрлі ОЖ басқаруымен жұмыс істейтін компьютерде жұмыс жасау дағдыларын, ОЖ ішкі жүйелерін бағдарламалық басқару әдістерін қалыптастырады	5	ОН1, ОН4, ОН6, ОН7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы

Базалық пәндер циклі

Таңдау бойынша компоненттер

а) Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика	Пән ықтималдықтың негізгі теориясы мен математикалық статистиканың өлшемдік кездейсоқ шамалар шеңберіндегі өлшеулер теориясы мен функционалды анализді қатал қолданбай, олардың әр түрлі салаларда негізгі қолданылуы туралы білімдерін; есептерді шығару әдістерін игеруді, нақты процестердің математикалық модельдерін құру дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН4, ОН5, ОН6, ОН9, ОН12	Математика, Математикалық логика, Оңтайландырудың математикалық әдістері	Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер Робототехника және жасанды интеллект
б) Қолданбалы математикалық статистика	Пән ыңғайлы түрде ұсыну үшін өңделетін мәліметтерді ықтималды интерпретациялау, статистикалық деректерді жинауды, есепке алуды, жүйелеуді ұйымдастыруға арналған математикалық әдістер мен модельдер туралы ғылыми көзқарастарды, кездейсоқ процестерді, нейрондық желілерді қолдануды қоса алғанда, статистикалық мәліметтерді өңдеу саласындағы теориялық білім және практикалық дағдыларды қалыптастырады		ОН4, ОН5, ОН6, ОН9	Математика, Математикалық логика, Оңтайландырудың математикалық әдістері	Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер Робототехника және жасанды интеллект

а) Сызбатехника	Пән әртүрлі типті сандық сұлбаларды құру, зерттеу және пайдалану кезінде қажетті автоматтарды, триггерлерді, комбинациялық сұлбаларды логикалық құрудың негізгі принциптері мен әдістерін оқытады, ЭЕМ функционалдық элементтерін құру кезінде қолданылатын схемотехникалық шешімдер әдістерін түсінуді, сандық элементтерді талдау және синтездеу есептерін шешуді қалыптастырады.	5	ОН4, ОН7, ОН12	Физика, Электроника	Микропроцессорлық техника
б) Дискретті математика	Пән ойлауды қалыптастырудың негізгі әдістерін, логикалық функциялар теориясының негізгі түсініктерін, алгоритмдер теориясын, графикалық теорияны, кодтау теориясын зерттейді; бірқатар дискреттік математикадағы негізгі есептерді шешу дағдыларын қалыптастырады, мысалы жиындар теориясы мен қатынастар, графикалық теория, логикалық алгебраның функциялары		ОН4, ОН5, ОН6,	Физика, Электроника	Микропроцессорлық техника
а) С++ тілінде бағдарламалау	Пән функционалды мүмкіндіктер, С ++ бағдарламалау тіліндегі НББ-ның жалпы құрылымы мен механизмі туралы білімді қалыптастырады; стандартты модульдер мен қолданушылық процедураларды, бағдарламаларды жөндеу және тестілеу әдістерін қолдана отырып, қосымшаларды әзірлеу тәжірибесін жинақтайды	5	ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Алгоритмдеу және бағдарламалау	Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері, Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері

<p>б) C# тілінде бағдарламалау</p>	<p>Бұл пән C# жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінің функционалды мүмкіндіктерін және Net Framework кітапханаларын оқытады; кәсіби қызметтің есептері мен міндеттерін шешуде заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып C# ортасында бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады.</p>		<p>ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН10</p>	<p>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Алгоритмдеу және бағдарламалау</p>	<p>Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері, Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері</p>
<p>а) Python 3 бағдарламалау тілі</p>	<p>Пәннің мақсаты Python 3 бағдарламалау тілінің заманауи синтаксисін, IDLE ортасының функционалдығын зерттеу болып табылады; Python 3-те тапсырмаларды шешуде заманауи бағдарламалау әдістерін қолдана отырып, бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады</p>	<p>5</p>	<p>ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН10</p>	<p>C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Алгоритмдеу және бағдарламалау</p>	<p>Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері</p>

б) Swift тілінің негіздері	Пән Swift тілінің синтаксисін үйретеді, Mac OS және iOS операциялық жүйелеріне арналған бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады; Swift тілінде бағдарламалаудың практикалық тәжірибесін қалыптастырады және мобильді бағдарламалау саласында жаңа бағытты дамытады		ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН10	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Алгоритмдеу және бағдарламалау	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері
а) Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау	Пән Java-дағы НББ негізгі парадигмалары, инкапсуляция, полиморфизм және мұрагерлік механизмдері туралы білімді; алгоритмдер жазу және бағдарламалар құру, Java-да НББ механизмін қолдану арқылы әртүрлі мәселелерді шешу арқылы құрылымдық және объектілік-бағытталған бағдарламалау теориясын шоғырландыру дағдыларын қалыптастырады	5	ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері	JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, iOS үшін X-Code ортасында бағдарламалау
б) .Net Framework платформасында бағдарламалау	Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің объектілі-бағытталған бағдарламалау бойынша іргелі білім алу, Microsoft Visual Studio бағдарламалау ортасының құрамы мен құрылымын оқып үйрену және оны кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында пайдалану болып табылады; визуалды бағдарламалау тілдерінің көмегімен Windows-формаларды жасаудың әдістері мен тәсілдерін үйретеді.	5	ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	C++ тілінде бағдарламалау, C# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері	JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, iOS үшін X-Code ортасында бағдарламалау

<p>а) Бағдарламалау технологиясы</p>	<p>Пән жоғары деңгейлі тілде алгоритмдеу және бағдарламалау, құрылымдық бағдарламалау, бағдарламалау тілдерінің классификациясын зерделеу, кіші бағдарламаларды, стандартты модульдерді, бағдарламалау стилін қолдана отырып, бағдарламаларды әзірлеу әдістерін игеру, бағдарламаларды түзету және тестілеу әдістерін қолдану саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастырады.</p>	<p>5</p>	<p>ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11</p>	<p>С++ тілінде бағдарламалау, С# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері</p>	<p>Деректер қорының жүйелері, DELPHI құрылғыларымен деректер қорын басқару жүйелерін құру, Жобаларды топтық құрастыру, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы, Бағдарламаларды өңдеудің құрал-жабдықтары</p>
<p>б) Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері</p>	<p>Пән алгоритмдік ойлау туралы, бағдарламалаудың заманауи әдістері туралы, дербес компьютерлерді құру және олардың жұмысын ұйымдастыру, олардың бағдарламалық жасақтамасы және ақпараттық есептерді шешудің заманауи техникалық құралдарын тиімді пайдалану жолдары туралы білімді; заманауи есептеу құралдарында жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады</p>		<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10</p>	<p>С++ тілінде бағдарламалау, С# тілінде бағдарламалау, Python 3 бағдарламалау тілі, Swift тілінің негіздері</p>	<p>Деректер қорының жүйелері, DELPHI құрылғыларымен деректер қорын басқару жүйелерін құру, Жобаларды топтық құрастыру, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы, Бағдарламаларды өңдеудің құрал-жабдықтары</p>
<p>а) Ақпараттық жүйелердің әкімшілігі</p>	<p>Пән ақпараттық басқарудың әртүрлі деңгейлерінің бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарына сәйкес ақпараттық басқару жүйелері мен ақпараттық ПОНцестердің әдістері және ақпаратты басқару жүйелерінің жұмыс істеуі үшін басқару шешімдері технологиялары туралы білімді; заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді және компьютерлік техниканы және перифериялық құралдарды қолдану тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады</p>	<p>5</p>	<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН11</p>	<p>Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы, Компьютерлік желілер, Ақпараттық жүйелерді жобалау</p>	<p>Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру</p>

<p>б) Есептеуіш жүйелердің диагностикасы және сервистік қызмет көрсету</p>	<p>Пән компьютерлік техникаға, автоматты диагностика және қалпына келтіру жүйелеріне техникалық қызмет көрсетудің теориялық негіздері мен практикалық дағдылары, бағдарламалық қамтамасыз етудің түрлері, аппараттық және аралас басқару түрлері, ақаулардың түрлері және олардың пайда болуының сипаттамалық белгілері, жалпы және арнайы мақсаттағы диагностикалық бағдарламаларды әзірлеу, сонымен қатар ақауларды анықтаудың алгоритмдері туралы білімді қалыптастырады</p>		<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН6, ОН7, ОН8, ОН11</p>	<p>Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы, Компьютерлік желілер, Ақпараттық жүйелерді жобалау</p>	<p>Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру</p>
<p>а) Интернет заттардың технологиялары (IoT)</p>	<p>Пәнді оқытудың негізгі мақсаттары Интернет-заттардың (IoT) жаңа білімдері мен дағдыларын оқыту, RaspberryPi және Beagle Bone Black Wireless платформаларын үйрену, студенттерде маңызды техникалық міндеттерді қабылдау дағдыларын қалыптастыру, Интернет заттардың (IoT) негізгі тенденциялары мен шарттарын, сондай-ақ әлеуметтік міндеттері мен мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады.</p>	<p>5</p>	<p>ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН11, ОН12</p>	<p>Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар, Жобаларды топтық құрастыру, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы, Компьютерлік графика, Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру, iOS үшін X-Code ортасында бағдарламалау</p>	<p>Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру</p>
<p>б) Веб-интерфейстерді құрастыру</p>	<p>Пән оқу барысында да, сонымен қатар кейінгі кәсіби қызметінде әр түрлі веб-сайттарда және олардың веб-дизайнында құру үшін; әр түрлі мақсаттағы Интернет-сайттарды жобалау, құру және қызмет көрсету үшін білім, білік және дағдыны қалыптастырады</p>		<p>ОН1, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11</p>	<p>Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар, Жобаларды топтық құрастыру, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы, Компьютерлік графика, Android Studio ортасында мобильді</p>	<p>Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру</p>

				қосымшаларды құрастыру, iOS үшін X-Code ортасында бағдарламалау	
а) JavaScript сценарийлер тілі	Пән JavaScript сценарийлер тілінің синтаксисін және оны интернет қосымшаларды бағдарламалауда тиімді қолдануды; JavaScript бағдарламалау тілінің негізгі мүмкіндіктерін және интернет-қосымшаларды бағдарламалаумен байланысты есептерді шешуде осы тілдің практикалық қолданылуын оқытады.	5	ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Жобаларды топтық құрастыру, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру	Пәннің мақсаты Php веб-қосымшаларын бағдарламалау тілін үйрену, веб-сайттарды жасауға арналған Php тілінің функцияларының үлкен жиынтығын қарастыру, интернет-бағдарламалау саласында теориялық және практикалық білімді бекіту, Php веб-қосымшаларын жасау тілін қолдану білімін меңгеру.		ОН1, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10, ОН11	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау, Жобаларды топтық құрастыру, Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

а) Деректер қорының жүйелері	Пән МББЖ-нің теориялық негіздерін, мәліметтер базасын құру технологиясының негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін білуді; мәліметтерді іздеуді және өңдеуді ұйымдастырудың әдістері, мәліметтерді сипаттауға арналған тілдік құралдар, мәліметтердің негізгі модельдерін құру принциптерін; мәліметтер базасын құрудағы практикалық дағдылар; қазіргі МББЖ-де қолдануды қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	Ақпараттық жүйелерді жобалау, 1С бағдарламалау
б) DELPHI құрылғыларымен деректер қорын басқару жүйелерін құру	Пән объектіге бағытталған бағдарламалау жағдайында мәліметтер базасын басқару жүйесін құру туралы білімді; мәліметтер базасын басқару жүйелерін зерттеумен, күрделі ақпараттық процестерді жобалаумен байланысты басқа арнайы пәндерді оқудың теориялық базасын игеруді; Delphi құралдарымен МББЖ дамыту дағдыларын қалыптастырады		ОН1, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	Ақпараттық жүйелерді жобалау, 1С бағдарламалау
а) Ақпарат теориясы	Пән ақпарат теориясының негіздері және оны қазіргі заманғы компьютерлік жүйелерді оңтайландыруға қолдану туралы білімді қалыптастырады, хабарламалар көздері мен байланыс арналарының ақпараттық сипаттамаларын талдау арқылы басқару жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін арттыруға қатысты бірқатар іргелі теориялық мәселелерді қарастырады, хабарламаларды кодтау және декодтау принципіалды мүмкіндігін зерттейді.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6	Информатиканың мектеп курсы	Ақпараттың киберқауіпсіздігі
б) Кодтау теориясы	Пән қазіргі ақпараттық теорияны және кодтау теориясын, кодтау теориясының теориялық негізін кодтау теориясының негізгі тұжырымдамаларымен, Шеннон теоремаларымен сәйкес игеру дағдыларын; арнайы алгоритмдерді қолданып компьютерде ақпаратты кодтау дағдыларын қалыптастырады		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6	Информатиканың мектеп курсы	Ақпараттың киберқауіпсіздігі
а) Жобаларды топтық құрастыру	Пән ІТ-жобалар мен бағдарламалық жасақтаманы құру бойынша командалық жұмыстың негізгі құрылымдары, қосымшаларды әзірлеу кезеңдері және жасалынымдарды құру сызбалары туралы білімді; командалық жұмыстың әдістемелері, сондай-ақ команданы дамытуды тиімді ұйымдастырудың бағдарламалық құралдарын; командада өзіндік	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН9, ОН10, ОН12	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	Интернет заттардың технологиялары (IoT), Веб-интерфейстерді құрастыру, JavaScript

	жобаларды жазу дағдыларын қалыптастырады				сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру
б) Бағдарламалық қамтаманың метрологиясы	Пәнді меңгеру мақсаты - бағдарламалық қамтамасыз етуді стандарттау және метрологияның негізгі әдістерін оқып үйрену, бағдарламалық өнімді тестілеу, дайын бағдарламалық өнімдер мен кешендерді пайдалану және сүйемелдеу әдістері мен тәсілдерін оқып үйрену, өлшеу құралдарының даму тенденциялары мен жай-күйін зерттеу және электОНндық сигналдардың сипаттамаларын өлшеудің негізгі әдістерін, олардың дәлдігін бағалау болып табылады.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН10	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	Интернет заттардың технологиялары (IoT), Веб-интерфейстерді құрастыру, JavaScript сценарийлер тілі, Php тілінде web-қосымшаларды құрастыру
Профильдік пәндер циклі					
Жоғары оқу орнының компоненті/Таңдау бойынша компоненттер					
Бағдарламаларды өңдеудің құрал-жабдықтары	Пән бағдарламалық жүйелерді жобалау және бағдарламалардың өмірлік циклін қамтамасыз ету саласындағы білім мен дағдыларды, бизнес-процестерді моделдеу негіздерін меңгеруді; жобалаудың қазіргі заманғы технологияларын (Computer-Aided Software/System Engineering (CASE) - технологиялар) қолданудың практикалық дағдыларын меңгеруді қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН8, ОН9, ОН10	Бағдарламалау технологиясы, Бағдарламалық қамтаманы құрудың заманауи құралдары мен әдістері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Компьютерлік графика	Пән машиналық және компьютерлік графика негіздері мен графикалық бағдарламалық пакеттер, компьютерлік графикалық бағдарламалаудың негізгі әдістері оқытады; заманауи графикалық процессорларды қолданудың практикалық дағдыларын; заманауи графикалық пакеттерді қолдана отырып, үш өлшемді графикалық кескіндерді өңдеуді қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Интернет заттардың технологиялары (IoT), Веб-интерфейстерді құрастыру

Компьютерлік желілер	Пән компьютерлік желілердің мақсаты, құрамы, құрылу және жұмыс істеу принциптері туралы білімді, компьютерлік желілердің тиімді дереккөздерін, құрылу қағидаларын (ұйымдастырылуын, құрылымын және сәулетін) оқытады; заманауи компьютерлік желілерді талдау, қазіргі компьютерлік желілердің өнімділігі мен сенімділігін есептеуге арналған модельдер құру дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН11	Компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру және архитектурасы	Ақпараттық жүйелердің әкімшілігі, Есептеуіш жүйелердің диагностикасы және сервистік қызмет көрсету
Ақпараттық жүйелердегі Smart-технологиялар	Пән жаңа ақпараттық жүйенің жаңа тұжырымдамалары мен smart-технологияларын, түрлі қызмет салаларында smart-технологияларды қолдануды оқытады; заманауи smart-технологиялар мен smart-құрылғылардың мүмкіндіктерін талдау, ғылыми-зерттеу жобаларын жасау мен әзірлеуде smart-технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН12	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Интернет заттардың технологиялары (IoT), Веб-интерфейстерді құрастыру
Ақпараттық жүйелерді жобалау	Пәнді игерудің мақсаты-жобалаудың қадамдары мен кезеңдерінің құрамын және мазмұнын оқып үйрену, жобалаудың әдістері және құралдарымен танысу, сонымен қатар жобалау жұмыстарын автоматтандыру, жобалаудың экономикалық-математикалық әдістерін меңгеру болып табылады; деректер қорын құрудың теориялық негіздері туралы, деректерге қолданылатын негізгі операциялар туралы, деректерді іздеу мен өңдеуді ұйымдастыру әдістері туралы түсініктерді қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8	Деректер қорының жүйелері, DELPHI құрылғыларымен деректер қорын басқару жүйелерін құру	Ақпараттық жүйелердің әкімшілігі, Есептеуіш жүйелердің диагностикасы және сервистік қызмет көрсету
1С бағдарламалау	Пән 1С тілін үйрену арқылы кәсіпорындардың бухгалтерлік есеп және қаржылық мәселелерін шешуде бухгалтерлік есеп үшін заманауи бағдарламалық пакеттерді тиімді қолдану; баптау, таңдалған қызмет саласының сұранысы бойынша 1С ортада қосымша модульдер жазу дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН6	Деректер қорының жүйелері, DELPHI құрылғыларымен деректер қорын басқару жүйелерін құру	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

Ақпараттың киберқауіпсіздігі	Пәннің мақсаты студенттердің ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздік туралы жалпы түсініктермен таныстыру және осының негізінде ақпараттық қауіпсіздік технологияларының негізгі ұғымдарын қалыптастыру және қызметтің барлық салаларында киберқауіпсіздік ережелерін қолдана білуді үйрету болып табылады; қорғалған ақпараттық жүйелердің әр түрлі типтерін жасау әдістері мен тәсілдерін оқытады.	5	ОН4, ОН7, ОН9, ОН10, ОН11	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Ақпарат теориясы, Кодтау теориясы	Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер, Робототехника және жасанды интеллект
а) Android Studio ортасында мобильді қосымшаларды құрастыру	Пән Android платформасы, Java бағдарламалау тілі мен XML белгілеу тілін қолдана отырып, Android Studio дамыту ортасында мобильді қосымшалардың дамуы туралы теориялық білімді; Android Studio дамыту ортасында интернет қызметтерінің және интернет-дүкендердің мобильді нұсқаларына арналған мобильді бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау	Интернет заттардың технологиялары (IoT), Веб-интерфейстерді құрастыру
б) iOS үшін X-Code ортасында бағдарламалау	Пәннің негізгі мақсаттары X-Code визуалды бағдарламалау ортасында Swift және Objective-C бағдарламалау тілдерін оқып үйрену, сонымен қатар Mac OS және iOS операциялық жүйелері үшін бағдарламалау дағдыларын меңгеру болып табылады; Mac OS және iOS операциялық жүйелеріне арналған қосымшалар мен мобильді қосымшаларды бағдарламалау бойынша практикалық тәжірибені қалыптастырады.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау, .Net Framework платформасында бағдарламалау	Интернет заттардың технологиялары (IoT), Веб-интерфейстерді құрастыру
а) Oracle-да желілік деректер қорын құрастыру	Пән реляциялық деректердің негізгі ұғымдарын, МББЖ негізгі түсініктерін және Oracle МББЖ арқылы құрылымдалған SQL сұрау тілін оқытады; мәліметтер базасы жүйелері, үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және басқару саласындағы бейін бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады	5	ОН4, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Big Data Management	Пән «үлкен деректер» туралы негізгі ұғымдарды, үлкен көлемдегі деректерді басқару, үлкен деректерді қолдана отырып интеллектуалды және Smart-қосымшаларды жасау бойынша білімді; үлкен деректерді басқару, Big Data Management, үлкен деректер құрылымын жобалау және желілік деректер базасын құру саласындағы теориялық және практикалық дағдыларды қалыптастырады		ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

а) Сараптаушы және интеллектуалды жүйелер	Пән мәліметтер базасы жүйесі мен сараптамалық жүйелер, мәліметтерді ұсыну модельдері, мәліметтер базасына тілдік сұраныстар, білімді ұсыну түрлері, сараптамалық жүйелер мен жасанды интеллект негіздерін құру туралы білімді; сараптамалық жүйелерді дамыту бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН9, ОН11, ОН12	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ақпараттың киберқауіпсіздігі, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
б) Робототехника және жасанды интеллект	Пән нейрондық желілерді құруды үйретеді, тану және кластерлеу әдістерін қолдана білуді қалыптастырады, күйдіру және құмырсқа алгоритмі туралы білім береді; жасанды интеллектпен жұмыста қолданылатын тапсырмалар, әдістер мен тәсілдер туралы жалпы түсініктерді қалыптастырады.		ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН7, ОН9, ОН11, ОН12	Оңтайландырудың математикалық әдістері, Ақпараттың киберқауіпсіздігі, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, Қолданбалы математикалық статистика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

3 Бітірушілерге біліктілік сипаттамасы

Бітірушінің негізгі құзыреттіліктері жалпы білім беру, әлеуметтік-этикалық құзыреттеріне, ұйымдастырушылық-басқарушылық және кәсіби құзыреттерге деген талаптар негізінде қалыптасады.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры келесідей жалпы құзыреттерге (ЖҚ) ие болуы керек:

ЖҚ-1 Тілдер саласында құзырет

- Ана тілін мінсіз меңгеруі, өзінің ғылыми және кәсіби қызметі бойынша сауатты түсінуі, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынастың күрделі тақырыптарына конструктивті диалог құру дағдыларын игеруі, ағымдағы құжаттаманы құруы, арнайы терминологияға шағымдануы (С2 деңгейде).

- Сауатты түсіндіру үшін шет тілін білу, конструктивті диалог құру, әр түрлі тақырыптарға жан-жақты хабарлау, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, негізгі мәселеге өз көзқарасын баяндай білу, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, ағымдағы құжаттаманы құру (B2 деңгейде).

ЖҚ-2 Компьютерлік құзыреттілік

- Қазіргі заманғы техникамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: компьютерді және қолданбалы бағдарламаларды іске қосу; құжаттарды сканерлеу және басып шығару; бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңартуларын орнату; вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыс істеу; ақпараттық тасымалдағыштарға жазу.

- Кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана білу: қажетті ақпаратты іздеу, талдау және іріктеуді ұйымдастыру, оны қайта құру, сақтау және тарату; пошта қызметтерімен, іздеу жүйелерімен, порталдармен, веб-сайттармен, мессенджерлермен жұмыс істеу; электрондық каталогтармен, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс істеу.

- Сенімді пайдаланушы деңгейінде қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: MS Word (мәтіндік құжаттармен жұмыс істеу), MS Excel (кестелермен жұмыс істеу), MS PowerPoint (презентация жасау), Paint (графикалық суреттермен жұмыс істеу).

ЖҚ-3 Оқу-танымдық құзыреттілік

- Оқу-танымдық іс-әрекетті жоспарлау, талдау, рефлексиялау, өзін-өзі бағалау, мақсат қою қабілеті.

- Күнделікті кәсіби қызметке және ары қарай білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді алуға машықтана білу.

- Әр түрлі дерек көздерінен ақпаратты табу, өңдеу және талдай білу.

ЖҚ-4 Әлеуметтік құзыреттілік

- Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен мемлекеттік жобаланған құжаттарды өз қызметінде қолдануға қабілетті болу.

- Патриотизм, құрмет көрсету, ашық болу қабілеті.

- Қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу.

- Мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті.

- Ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас орната білу, жанжалдарды реттей білу, шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алу қабілеті.

ЖҚ-5 Адамгершілік-этикалық құзыреттілік

- Мәдениеттің базалық құндылықтарын сақтау, азаматтық пен гуманизмге ие болу.
- Моральдық нормалар мен этикалық ұғымдар негізінде өзінің мінез-құлқын анықтай және бағалай білу.
- Искерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру, адамгершілік таңдау жасау қабілеті.
- Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеті мен дініне деген толеранттылық; басқа мәдениет және дін өкілдерімен өнімді өзара әрекеттесу.
- Ұлттық мәдениет құндылықтарын ұғыну, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге ұқыпты және құрметпен қарау.

ЖҚ-6 Кәсіпкерлік және экономикалық құзыреттіліктер

- Экономика негіздерін білу, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы түсініктерді меңгеру.
- Инновациялық қызметке, бастамаға және кәсіпкерлікке қабілеттілік.
- Ресурстарға қажеттілікті бағалау және кәсіби қызметте міндеттерді шешу кезінде оларды пайдалануды жоспарлау, қарапайым экономикалық талдау жүргізе білу және экономикалық қызметтің нәтижелерін бағалау қабілеті.

ЖҚ-7 Ұйымдастыру-атқару құзыреттілігі

- Ұжымның өзіндік қызметі мен қызметін ұйымдастыру және жоспарлау және бақылау дағдыларын, Time Management дағдыларын меңгеру; мақсат қою және оларға қол жеткізу қабілеті; нәтижеге жауапты болу.
- Ұжыммен жұмыс істеу кезінде кәсіби міндеттерді шешудің әр түрлі нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну қабілеті.
- Бастамашылық көрсету және мәселелерді шешу қабілеті; қатысушылардың қызметін ынталандыру, сондай-ақ басшылықтың тапсырмаларын сапалы және жауапты орындау қабілеті.
- Ұжым қызметінің өзгермелі жағдайларына әрекет ете білу және оларды түзету немесе жою бойынша дұрыс шешім қабылдай білу.
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарау.

ЖҚ-8 Коммуникативтік құзыреттілігі

- Сауатты сөйлеуді, шешендік өнерді, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын (Public Speaking) білу, өз көзқарасын қорғай білу, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Командада жұмыс істей білу, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру, ұжым қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру.
- Қақтығыстарды шешу, келіссөздер жүргізу, ымыраға келу қабілеті.
- Өзіне жауапкершілік алу және шешім қабылдау, бірлескен шешім қабылдауға қатысу қабілеті.

ЖҚ-9 Өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайын болу

- Жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті, өзгерістерге жауап беру.
- Өмір бойы білім траекториясын құру қабілеті.
- Толыққанды қызмет негізі ретінде салауатты өмір салтына бағдарлану.
- Кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі жағдайларда икемділік пен ұтқырлық таныту.

6B06102 – «Бағдарламалау және бағдарламалық пакеттерді әзірлеу» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры келесідей **кәсіби құзыреттерге (КҚ)** ие болу керек:

